


ЖОБА



Темиртау, 2024

МАЗМҰНЫ

1-бөлім.	Жалпы ережелер	3
2-бөлім.	Глоссарий	3
3-бөлім.	Бағдарламаның тақырыптары	5
4-бөлім.	Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері	6
5-бөлім.	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	7
6-бөлім.	Оқу процесін ұйымдастыру	7
7-бөлім.	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	8
8-бөлім.	Оқыту нәтижелерін бағалау	9
9-бөлім.	Курстан кейінгі сүйемелдеу	9
10-бөлім.	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	10
1 қосымша	Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері	13



1-бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарламаның өзектілігі

«Жаһандық құзыреттілік» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылығы 27 тамыздағы № 384 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары бекіту туралы» құжатының талаптарына сәйкес келеді.

«Жаһандық құзыреттілік» («globalcompetence», жаһандық құзыреттілік) алғаш рет PISA–2018 зерттеуінде функционалдық сауаттылық құрылымына енгізілді. Жаһандық құзыреттілік халықаралық деңгейде өмір бойы білім беруді «көп өлшемді» мақсаты ретінде қарастырылады. Жаһандық құзыретті жергілікті және жаһандық мәселелер мен мәдениетаралық өзара іс-әрекет мәселелерін қабылдауға қабілетті жеке тұлға, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуге және бағалауға, басқа адамдармен сәтті, инабаттылықпен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ тұрақты даму мен ұжымдық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін жауапкершілікпен әрекет етуге қабілетті адам.

Жаһандық құзыреттілік (жаһандық құзыреттер) функционалдық сауаттылықтың өзіндік пәндік мазмұны, құндылық негізі бар және әмбебап дағдыларды қалыптастыруға бағытталған (softskills) ерекше оқшауланған құндылық-интегративті компоненті ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бағдарлама жаңа білім алуға, сондай-ақ мектепте «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін бұрын алған кәсіби білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіруге мүмкіндік беретін педагогтердің ақпараттық, цифрлық, медиа, қаржылық сауаттылығын арттыруға және кәсіптік оқытуға бағытталған.

Қазір әлемде өмірдің барлық салаларына, соның ішінде білімге енетін жаһанданудың қарқынды процестерімен сипатталады. Осы тұрғыда педагогтер тиімді жұмыс атқару және білім алушыларды жаһандану әлемінде өмір сүруге дайындау үшін кәсіби білімді меңгеру қажет.

Жаһандық құзыреттілікті дамыту мектептегі білім берудің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Жаһандық құзыреттер жаһанданудың өсіп келе жатқан әсеріне, жылдам әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениеттер мен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше маңызға ие болады.

2-бөлім. Глоссарий

Азаматтылық - адамның өзін белгілі бір мемлекеттің азаматы ретінде сезінуіне, өзінің Отанына, өзі тұратын және жұмыс істейтін еліне қатыстылығын сезінуге мүмкіндік беретін жеке басының сапасы.

Білім беру - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін игеру, қабілеттерін дамыту, күнделікті өмірде білімді қолдану тәжірибесін игеру және өмір бойы білім алу

мотивациясын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты процесі.

Білім беру сапасы - білім беру қызметінің тиімділігінің кешенді сипаттамасы, сондай-ақ білім алушы мен тәрбиеленушіні даярлаудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігі.

Дінтану - пәнаралық ғылым немесе зерттеу пәні дін, діндарлық, діни бірлестіктер, діни тәжірибелер, мифология, діни философия және атеистік ілімдер болып табылатын ғылыми зерттеу саласы.

Жаһандық құзыреттілік – жаһандық сипаттағы және мәдениетаралық өзара іс-әрекет мәселелерін әртүрлі көзқарастардан сыни тұрғыдан қарастыру қабілеті; мәдени, діни, саяси, нәсілдік немесе басқа да айырмашылықтар біздің және басқа адамдардың қабылдауына, пайымдаулары мен көзқарастарына қалай әсер етуі мүмкін екенін түсіну; ортақ негізде басқа адамдармен ашық, құрметпен және тиімді қарым-қатынасқа түсу, адамның қадір-қасиетін құрметтеу, сыйлау.

Қаржылық сауаттылық - адамның әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға алып келетін қаржылық саласындағы білімдерінің, дағдылар мен ұстанымдарының жиынтығы.

Құзыретті - жағдай оның сараптамалық араласуын талап еткен кезде қызметкердің өз саласында және атқаратын позициясында қолда бар білімі мен іскерлігін практикада қолдану қабілеті.

Құзыреттілік - адамның әртүрлі жағдайларда проблемаларды шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсету қабілеті, білім мен өмірлік жағдайлар арасында байланыс орната білу мүмкіндігі.

Педагог - тиісті салада педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларға және (немесе) тәрбиеленушілерге білім беру және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қамтамасыз ету немесе ұйымдастыру саласындағы педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға.

Педагогикадағы құзыреттілік - оқушылардың білімді, дағдылар мен іскерлікті қолдануға дайындығында көрінетін білім беру процесінің мазмұнын меңгерудің интеграцияланған нәтижесі.

Тіршілік қауіпсіздігі - адамның денсаулығына, өміріне, мүлкіне, заңды мүдделеріне қауіп төндіретін қатерлі факторлардың туындау мүмкіндігі төмендетілген қоршаған ортасының, еңбек және оқу, тамақтану мен демалыс жағдайларының қолайлы, қалыпты жағдайы.

Шығармашылық - таңдану және білу, стандартты емес жағдайларда шешім табу қабілеті; әр түрлі қызмет салаларында көрінуі мүмкін адамның шығармашылық ойлауға бейімділігі; өзінің жаңа тәжірибесін ашуға және терең түсінуге бағдарлану білігі.

Шығармашылық ойлау - бұл инновациялық тиімді шешімдерді және жаңа білімді немесе қиялдың керемет көрінісін алуға бағытталған идеяларды әзірлеу, бағалау және жетілдіру процесіне нәтижелі қатысу мүмкіндігі.

Этика - адамгершілік, мораль туралы білім, ілім; мораль, адамгершілік қоғамдық сананың нысаны ретінде, адамның тіршілік әрекетінің маңызды нысандарының бірі ретінде зерделеу объектісі болып табылатын философиялық

3-бөлім. Бағдарламаның тақырыбы

Жаһандық құзыреттілік: жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерделеу, түрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және бағалау, басқалармен табысты және құрметпен өзара іс-әрекет жасау және ұжымдық игілік пен орнықты даму үшін шаралар қабылдау қабілеттілігін қамтитын көп өлшемді қабілеттілік ретінде айқындалады.

Ұсынылатын бағдарламаның жаңашылдығы жаһандық құзыреттерді қалыптастыру жөніндегі жұмыстың жалпы қағидаларын, әдістері мен тәсілдерін жария етуден тұрады.

№	Сабақтардың тақырыптары	Теориялық сабақтар	Практикалық жұмыс	Барлығы:
1	2	3	4	5
Модуль 1. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1.1.	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы	2	-	2
1.2.	Педагогтің кәсіби этикасы және оның білім беру қызметіндегі рөлі	2	2	4
Барлығы:		4	2	6
Модуль 2. Креативті ойлау ұғымы және жаһандық құзыреттер				
2.1.	Жаһандық құзыреттілікті айқындау	2	2	4
2.2.	Функционалдық сауаттылықтың компоненті ретінде креативті ойлау	2	4	6
2.3.	Креативті ойлаудың мақсаттары мен міндеттері	2	4	6
2.4.	Білім алушылардың креативті ойлау және жаһандық құзыреттіліктерін білдіру нысандары	2	4	6
Барлығы:		8	14	22
Модуль 3. Азаматтылық және патриотизм				
3.1.	Азаматтық және ұлттық тәрбие негіздері	2	2	4
3.2.	Білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбиенің рөлі	2	2	4
3.3.	Білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру әдістері	2	2	4
3.4.	Толеранттыққа тәрбиелеу және адам құқықтарын құрметтеуге тәрбиелеу әдістері	2	2	4
Барлығы:		8	8	16
Модуль 4. Педагогикалық құзыреттерді дамыту				
4.1.	Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негіздері	2	4	6
4.2.	Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы	2	4	6
4.3.	Кәсіби құзыреттілікті дамытуға әсер ететін факторлар	2	4	6
4.4.	Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	2	2	4
Барлығы:		8	14	22
Модуль 5. Заманауи тіршілік қауіпсіздігі негіздерін білу				
5.1.	Тіршілік қауіпсіздігі және экологиялық мәдениет	2	2	4

5.2.	Төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік ережелерін зерделеу	2	2	4
5.3.	Қазақстанның білім беру жүйесіндегі экологиялық мәдениетті қалыптастыру	2	2	4
5.4.	Қорытынды аттестация	-	2	2
Барлығы:		6	8	14
Қорытынды:				80

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: білім алушылардың функционалдық сауаттылығының құрамдас бөлігі ретінде жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру, дамыту саласында жалпы білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Бағдарламаның Міндеттері:

- білім алушылардың азаматтық ұстанымын және өз елінің мүддесіне қызмет етуге дайындығын қалыптастыру;
- білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік;
- білім алушылардың қаржылық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;
- салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
- қоғамның өміріндегі діннің рөлі туралы түсінік қалыптастыру;
- ақпаратты тану, талдау, бағалау, күрделі жағдайларды түсіндіру қабілетін қалыптастыру;
- цифрлық ресурстармен, электрондық оқыту платформаларымен, интернетпен және веб-сайттармен жұмыс істеу қабілетін дамыту;
- дүниетанымның алуан түрлілігіне құрмет көрсету және әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара қарым-қатынасқа ашықтық таныту;
- педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту: білім беру ортасында этиканы меңгеру; оқушыларға қауіпсіздік әдістеріне үйрету.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде жаһандық құзыреттіліктің мәні;
- білім алушылардың жаһандық құзыреттілігін бағалаудың жалпы тәсілдері;
- педагогтер этика саласында терең білімді меңгереді;
- білім алушының функционалдық сауаттылығының құрамдас бөлігі ретінде жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту саласында практикалық дайындықты жүзеге асыру;
- педагогтерді төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою әдістеріне оқыту арқылы мектептерде тіршілік қауіпсіздігі деңгейін арттыру.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Тыңдаушыларда белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес келетін кәсіби білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру үшін бағдарламаның мазмұны 5 модульді меңгеруді көздейді:

Модуль 1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Бұл модульде орта білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар қарастырылған. Бұл «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Педагогтің кәсіби этикасы және оның білім беру қызметіндегі рөлі.

Модуль 2. Креативті ойлау ұғымы және жаһандық құзыреттер

Бұл модульде жаһандық құзыреттіліктің айқындау, функционалдық сауаттылықтың компоненті ретінде креативті ойлау, креативті ойлаудың мақсаттары мен міндеттері, білім алушылардың креативті ойлау және жаһандық құзыреттіліктерін білдіру нысандары

Модуль 3. Азаматтық және патриотизм

Бұл модульде азаматтық және ұлттық тәрбие негіздері, білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбиенің рөлі, білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру әдістері, толеранттылыққа тәрбиелеу және адам құқықтарын құрметтеуге тәрбиелеу тәсілдері қарастырылған.

Модуль 4. Педагогикалық құзыреттілікті дамыту

Бұл модульде Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негіздері, Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы, Кәсіби құзыреттілікті дамытуға әсер ететін факторлар, Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

Модуль 5. Заманауи тіршілік қауіпсіздігі негіздерін білу

Бұл модульде тіршілік қауіпсіздігі мен экологиялық мәдениет, төтенше жағдайларда қауіпсіздік ережелерін зерделеу, Қазақстанның білім беру жүйесінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру қарастырылған.

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы жүзеге асырылады.

Курстарды өткізу кезеңінде жеке дәрістер оқуға және практикалық сабақтарды жүргізуге орталық әдіскерлерді, педагогтарды, білім беру

ұйымдарының басшыларын, практиктерді, өндірістік кәсіпорындардың мамандарын, өңірлік кәсіпкерлер палаталарының, жұмыс берушілер қауымдастықтарының өкілдерін жұмылдырады.

Білім беру процесі оқу жоспарымен, жылдық кестемен, орталықтың сабақ кестесімен реттеледі.

Курстардың ұзақтығы: 36-дан 108 академиялық сағатқа дейін.

Курстың академиялық сағаты 45 минутты құрайды.

Біліктілікті арттыру курсының оқу процесін ұйымдастыру шарттары:

1) белгіленген оқу жоспарына, сабақ кестесіне және графигіне сәйкес оқу;
2) оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтауға, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірмеуге;

3) біліктілікті арттыру курсының кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80 %-ына қатысуға;

4) алынған ең жоғары балдың кемінде 50% көлемінде қорытынды тестілеуден өтуге міндетті;

5) шығармашылық жобаларды қорытынды қорғаудан өту.

Курс бағдарламасын оқу қорытынды тестілеумен аяқталады.

Тыңдаушыларды курстық оқыту ұзақтығы бағдарлама тақырыбына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

Оқыту тілі: қазақ, орыс.

7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Білім беру бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету осы білім беру бағдарламасы шеңберінде нақты модульді оқытуды қамтамасыз ететін оқу және оқу-әдістемелік мәтіндік, графикалық, аудио, бейне, мультимедиялық және өзге де материалдардың логикалық және әдістемелік өзара байланысты жиынтығын (жүйесін) қамтиды.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрылымына мыналар кіреді:

- курс бағдарламасы;
- курстың оқу-тақырыптық жоспары;
- оқу-әдістемелік материалдар (оқулықтар, оқу құралдары, практикумдар, мерзімді басылымдар, үлестірме материалдар, нормативтік құжаттама және т. б.);
- дәрістердің электрондық конспектісі;
- практикалық және дербес сабақтарға арналған материалдар (бағалау және өзара бағалау тақырыптары мен критерийлері);
- қорытынды бақылауды ұйымдастыру бойынша материалдар (тест тапсырмалары - 50 сұрақ);

- презентация түріндегі графикалық және демонстрациялық материал;

Бағдарламаны іске асырудың білім беру технологиялары:

- оқытуда ситуациялық тәсілді қолдану (ситуациялық есептерді шешу, нақты жағдайларға арналған шығармашылық тапсырмаларды орындау);

- оқытудың әртүрлі формаларының үйлесімі (аудиториялық сабақтар, қашықтықтан оқыту);

- дамушы типтегі бағалау материалдарын пайдалану (тапсырмалардың орындалуын бағалау критерийлерін пайдалану);

- оқу барысында тыңдаушыларды өзара байланысты оқу, әдістемелік және оқытушылық қызметке бағдарлау (шағын топтардағы жұмыс, «Миға шабуыл», жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру).

Бағдарламаны іске асыру барысында проблемаларды талқылау элементтері бар дәрістер, пікірталастар, практикалық сабақтар, проблемалық-бағдарланған және жобалық-бағдарланған оқыту технологиялары қолданылады. Сондай-ақ келесі әдістер мен тәсілдер қолданылады: шағын топтарда жұмыс істеу, пікірталастар, ситуациялық есептерді шешу, «Миға шабуыл», практикалық жұмыстарды көпшілік алдында таныстыру, кластерлерді, тірек сызбаларды, ақыл-ой карталарын әзірлеу, шығармашылық тапсырмалар.

8-бөлім. Оқыту нәтижелерін бағалау

Оқыту нәтижелерін бағалау тестілеу нысанында жүргізіледі (1-қосымша).

Қорытынды тестілеу біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының мазмұны бойынша сұрақтарға жауаптарды қамтиды. Қорытынды тестілеу үшін ең жоғары балл - 100 балл, ең аз - 50 балл.

50 және одан көп балл алған тыңдаушыға сертификат беріледі. Олай болмаған жағдайда, біліктілікті арттыру курсын тыңдау туралы анықтама беріледі, сертификат алмаған тыңдаушылардың мынандай мүмкіндіктері бар:

- 1) жылына бір реттен артық емес білімді қайта бағалауға;
- 2) тыңдаушылардың келесі ағымымен білімді қайта бағалауға;
- 3) ағымдағы жыл ішінде дәлелді себептермен бір ағыннан екінші ағынға ауыстыруға құқылы.

Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға тақырып пен сағат көлемі көрсетілген біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы бойынша сертификат беріледі.

9-бөлім. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін Ережеге сәйкес ұйымдастырылады:

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүргізу нысандарына мыналар жатады:

- 1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг үш жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы

4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ

5. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

6. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы

7. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы

8. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы

9. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығы

10. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы

11. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы

12. 5-9 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша педагогтарға арналған нұсқаулық – Нур-Султан қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы КЕАҚ, 2022. – 250 с. Авторлық ұжым: Чоушева А.И., Исакова А.К., Игликов Т.С., Азимбаева Р.О., Мухамедханова А.К., Жакиянова Ж.Г., Култуманова А.Ж., Кабдрахманова А.А.

13. Қазақстан Республикасы Халық санасында экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы/ <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15105185>

14. Соловьева Г.Г. Религия в Казахстане. История и современность. Учебное пособие / Под общ. ред. А.Х. Бижанова. - Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018.-348 с. ISBN 978-601- 304-091-2

15. Абуов А.П., Калилаханова К.Т., Жанузакова Г.Е., Алимкулова С.Б., Закарьянова Ш.К. Светскость и основы религиоведения. – Алматы: «Көкжиек-Горизонт», 2023. -195

16. Религиоведение. Издательство: Юрайт; Серия. Высшее образование. 2024. ISBN 978-5-534-06458-2, - 382 стр.

Қосымша әдебиеттер:

1. Барбара Маккиннон, Эндрю Фиала. Этика: Теория и современные вопросы. ISBN-10: 1305958675, ISBN-13: 978-1305958678 Издательство: Cengage Learning. 2018 г., 640 стр.

2. Антонова Д.А., Оспенникова Е.В., Спирин Е.В. Цифровая трансформация системы образования. Проектирование ресурсов для современной цифровой учебной среды как одно из ее основных направлений // Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Серия: Информационные компьютерные технологии в образовании. 2018. № 14. С. 5–37.

3. Нуржанова А.Т., «Формирование коммуникативных умений в контексте уровневых программ курсов повышения квалификаций педагогов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015.

4. Профессиональная этика и этикет: учебно-методическое пособие / Н. В. Рябинина; Яросл. гос. ун-т им. П. Г. Демидова. — Ярославль: ЯрГУ, 2017. — 36 с.

5. Охрана труда и безопасность жизнедеятельности. Учебное пособие/ М.К. Дюсебаев, Ж.С. Абдимуратов; АУЭС. Алматы, 2011. -79 с. ISBN 9965- 850-38-

6. Грудупс К. Я. Развитие критического мышления с использованием различных стратегий//Методист организаций образования. 2018. №7. -25с

7. Разработка национальной модели казахстанского медиаобразования в контексте модернизации общественного сознания и реализации приоритетов «Мәңгілік ел»

8. Ахметова Л.С. Медиаобразование в Казахстане //Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2014. – № 3-2. – С. 37- 38

9. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2023-2024 учебном году». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2023. – 112 с



Білім беру бағдарламасына 1-қосымша
«Жаһандық құзыреттілік»

Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері

Тестілеуді бағалау критерийлері

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1.	Модуль 1. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	6	5
2.	Модуль 2. Креативті ойлау ұғымы және жаһандық құзыреттер	22	10
3.	Модуль 3. Азаматтылық және патриотизм	16	10
4.	Модуль 4. Педагогикалық құзыреттерді дамыту	22	10
5.	Модуль 5. Заманауи тіршілік қауіпсіздігі негіздерін білу	12	5
6.	Қорытынды тестілеу	2	
	Барлығы	80	40

Ұнайларды бағалауға аудару шкаласы

Орындалу шегі %	Балл	Дәстүрлі бағалау
86 -100 %	86-100	5
70 - 85%	70-85	4
50 - 69%	50-69	3
50% аз	50 аз	2